

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің

Басқарма төрағасы-Ректор

Л.Ч.Карабасова

«28» __06__ 2024 ж.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2024 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.

Тіркеу офісінің бастығы Жусупова Г.Т.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде («28» ___06___2024___ ж., хаттама №14)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректорымен

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

4-НҰСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Осы Ереже білім алушыларды оқудан шығару тәртібін анықтайды.

1.2 Осы Ереже университеттің білім алушылары мен жауапты құрылымдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы.

2.2 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы.

2.3 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.5 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі (Ғылыми кеңестің шешімі, 12.08.2020 ж. №13 хаттама).

3 ОҚУДАН ШЫҒАРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Білім алушы мынадай жағдайларда оқудан шығарылады:

3.1 Білім алушылардың академиялық адалдық кодексі қағидаларын бұзғаны үшін.

3.2 Ішкі тәртіп ережелерін және ЖОО Жарғысын бұзғаны үшін:

- университетпен байланысын жоғалту;
- дәлелсіз себептермен бір аралық бақылау мерзімінде 60 және одан да көп сағат оқу сабақтарына қатыспау;
- студенттік жатақхананың ережесін, оқу тәртібі талаптарын, ішкі тәртіпті бұзу;
- заңсыз, теріс қылықтар жасау;
- спирттік ішімдіктер ішу, нашақорлық препараттарын пайдалану арқылы университет қабырғасында мас күйінде болуы;
- университет қабырғасында құмар ойындарды ойнау;
- университет мүлкіне қасақана зиян келтіру;
- қоғамға жат мінез-құлықтар таныту;
- еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау немесе бұзу.

3.3 Білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімшарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде шартқа сәйкес белгіленген мерзімде оқу ақысын төлемегені үшін.

3.4 Басқа жоғары оқу орнына ауысуына байланысты.

3.5 Белгіленген мерзімде академиялық демалыстан оралмағаны үшін (2 апта ішінде).

3.6 Қайта оқу курсына қалған білім алушы ағымдағы жылдың академиялық кезең басталғанға дейін білім беру қызметтерін көрсету туралы

университетпен қайта келісімшарт жасамағаны үшін.

3.7 Білім алушының оқуға қабылдау барысында тапсырған құжаттарының жалғандығы анықталған жағдайда.

3.8 Қорытынды аттестаттауға себепсіз келмегені үшін.

3.9 Оқу жоспарын толық орындамаған немесе басқада талаптар негізінде қорытынды аттестаттауға жіберілмеген жағдайда.

3.10 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейлері бойынша қабылдау кезінде анықталған пререквизиттік пән уақтылы игерілмеген жағдайда.

3.11 Қорытынды аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" баға алғаны үшін.

3.12 Білім алушы өтініші негізінде өз еркімен оқудан шығарылады.

4 ОҚУДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

4.1 Білім алушыларды оқудан шығару факультет деканының немесе жауапты құрылым басшысының университет ректорының атына себептерін көрсетіп жазған қызметтік хаты, білім алушының өзінің немесе нотариалды куәландырылған сенімді тұлғаның өтініші негізінде университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

4.2 Декан қызметтік хатқа білім алушыны оқудан шығаруға негіз болатын қосымша құжаттарды (профессор-оқытушылардың, куратор-эдвайзерлердің мәлімдемелері, білім алушының оқу процесіне қатыспағандығын дәлелдейтін электронды журнал көшірмесі, білім алушының заңсыз, теріс қылықтар жасағаны туралы т.б. актілер, алқалық отырыстардың хаттамаларын т.б.) қоса тіркейді.

4.3 Білім алушы өз еркімен оқудан шығуы үшін университет ректорының атына "Smart ARSU" мобильдік қосымшасы арқылы немесе СҚКО-ға деканның келісімін алған жазбаша өтінішін тапсырады.

4.4. Жауапты құрылымдар білім алушының өз еркімен оқудан шығуы туралы өтінішін үш жұмыс күні ішінде қарап, қанағаттандыруға міндетті.

5 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

5.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ішіндегі ережелерге сәйкес жүргізіледі.

5.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова